

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- *Квазиаударымсыз әдісі.* Бұлай аталудың себебі бұл әдісті қолдануда аудару жарғысы дыбыстық (тыныс белгілерінде) немесе графикалық (транслитерацияда) жарғыларына ауыстырылып, сөздің құрылымы аударылып жатқан тілге өз мағынасын сақтап аударылады. Бірақ бұл әдістің аударымсыз деп аталғанымен шындығына келгенде ондай емес, мұнда шеттен алған сөздер оның бар болуының алғышарты ретінде аудару үшін жасалады.

- *Транслитерация әдісі.* Транслитерация әдісі бойынша ағылшын сөздерінің қазақ тілі әріптерімен жазылуын айтамыз, мысалы, put - «пут» (опцион), Nikkei - «Никкей» (Токио қаржы биржасындағы құнды қағаздар курсының индексі) және т.с.с. Транслитерация әдісін аудармашылар XIX ғасырдың соңына дейін кеңінен қолданылы. Осы әдіс үшін аудармашы ағылшын сөзінің айтылуын білуі шарт емес болатын және ол тыңдаушының қабылдауымен шектеледі.

- *Калькалау әдісі.* Аудару әдістерінің ішінде өзінше орны бөлек деп айтуға болады. Калькалау әдісінің артықшылығы болып оның көмегімен алынған баламаның қарапайым және қысқа болуы, оның түпкі сөзге қатысты болуы, толық ұқсастыққа дейін баруы табылады. Калькалау баламаны құраушы әдіс ретінде дәлме-дәл аударумен туыстас, бүтін баламасы құраушы бөліктерінің баламаларын қарапайым жолмен қосу арқылы құралады. Осыдан келе, калькалауға күрделі сөзден жасалған неологизмдер келеді. Мысалы үшін multicurrency сөзі multi және currency сөздерінен құралған, ал әрқайсысы жеке-жеке «көп» (көптік мағынаны білдіретін жұрнақ) және «валюта» болып аударылады, ал екеуін қосқанда «көпвалюталы» сөзі шығады; немесе interbank (market) = inter- ("аралық-") + bank ("банк") – "банкаралық (нарық)".

- Транскрибирлеу әдісі. Транскрибирлеу дегеніміз - ақпаратты транскрипция көмегімен жазу немесе мәтінді айырып оқу. Мұнда сөздің орфографиялық емес фонетикалық формасы ескеріледі, ағылшын және қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі айырмашылықтар байқалады.

Ойымызды қорытындылай келе, тіларалық байланыстар барысында неологизмдерді аударудың бірнеше жолдарын зерделеп, қазіргі таңда аударма тәжірибесінде көп тараған әдістердің бірі- транскрибирлеу әдісі деп таныдық. Ал, калькалау әдісінің көмегімен алынған баламаның қарапайым және қысқа болуы, оның түпкі сөзге қатысты болуы, толық ұқсастыққа дейін баруы оның артықшылығы болып табылады. Қысқалық пен әсерлі терминологиялық қасиет оларды газеттерде, публицистикалық және қоғамдық-ғылыми жұмыстарды кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Аталған әдістер аудармада кеңінен қолданысқа ие болғанымен, әдістердің түрлері әрі қарай өрби түссе деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 2002.
3. А.З.Қазанбаева. Қазақ тілі (экономика факультетінің студенттеріне арналған). – Қарағанды, 2003. – 110 б.

УДК 81'253

АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған мультипликациялық фильмдер негізінде)

Сәдуақасова Аида Берікқызы

aida_9464@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – PhD докторы Л.Б. Қиманова

Қазіргі таңда қазақ кинематографиясына сан алуан шетел кинотуындылары импорт тауары ретінде енгізіліп жатыр. Соның ішінде балаларға арналған анимациялық фильмдер де

айтарлықтай сұранысқа иеленіп, экран беттерінен түспей жүр. Бұл шығармалар көпшілік қауымға ұсынылатын болғандықтан, әрбір туынды жауапкершілік пен сапалы аударманы қажет етеді. Себебі аударма мәтіні қазақ көрермендеріне түсінуде қиындыққа соқпайтындай бейімделуі тиіс. Бүгінгі кинематографымыз бен телеарна саласында шетелдік кино өнімдерді қазақ тіліне аудару мәселесі арнайы ғылыми түрде зерттелмегендіктен қазіргі таңда тың тақырыпқа айналып отыр. Әрине, қазақ киносы және мультипликациясы аударма өнерінде біраз жетістіктерге жеткендігін жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен бір жайтты айта кеткен жөн: бүгінгі дубляж саласында адамды қынжылтатын көптеген мәселелердің болуы көрермендерге де ой тастайды. Бұл тақырыпқа біраз мамандар тер төкті, қызмет етті, небір аты аңызға айналған әлемдік туындылар қазақша сайрады, әйтсе де аударманың қазіргі күндегі жағдайының мәз еместігін, кәсіби талантты мамандардың жеткіліксіз екенін айта кеткен артық болмас. Анимациялық фильмдерді аудару барысында кейіпкерлер қазақ тілінде біркелкі тонмен, бірсарандылықпен сөйлегені бар оқиғаның эмоциональды өңін бұзып, жағымсыз әсер қалдыру мәселесі бір болса, екіншісі кейбір аудармалар көрермендерді негізге алмай дәлме-дәл аударылып, стилистикалық нормаларды бұзып, қазақ қауымының құлағына оғаш естіледі. Осы секілді бірқатар мәселелер алдын тек көркем кинофильм мен телехикаяларды аудару барысында кездессе, қазір кинопрокатта беделді рөл атқаратын мультипликациялық фильмдерді аудару барысында да соқтығысатын және шешімді қажет ететін мәселе. Анимациялық фильмдердің рөлінің артуына бірден бір себеп қазір американдық заманауи мультфильмдер тек балалар аудиториясын ғана қастып қоймай, ересектер көңілін де баурап, жас ерекшеліктеріне ажыратпай бүкіл халықтың асыға күтіп тамашалайтын өнер саласына айналды.

Анимациялық фильмдер құндылықтар, идеялар мен акпаратты жеткізуде ықпалды әрі өте қуатты тасымал құралы бола алады. Әрбір фильм үлкен экранға шықпас бұрын бөгде тілдегі мәтін аударылып, өңдеуден өтеді. Фильмді аударудың тәсілін таңдау – мақсатты мәдениеттегі түпнұсқа тілдің қаншалықты дәрежеде түсінікті болуына тікелей әсер ететін фактор. Мәтіннің аудармасына Қазақстан дубляж маманы М.Әбусейтованың көзқарасынша, егер ағылшын мәтіні қазақша фразға түсіп қалатын болса, бұл тек қана ағылшын фразасының бірлесіп, жүйеленуі ғана емес – енді ол қазақ тілі болып есептеледі [1, 37]. Мәтінге толығымен жауап беретін, оны бір арнаға тоғыстырып, өз мағынасын түспнұсқа түрде жеткізетін – аудармашы. Әрбір материал өз тілімізге аударылған соң, экранда Голливуд актерлары қазақша сөйлеп тұрғандай әсер берсе, ол жұмыстың сәтті шыққаны. Мысалға, балалар қызыға қарайтын «Дисней» мультфильмдері мен Голливудтың шытырман оқиғалы фильмдерін біз дубляж арқылы түсінеміз. Ал аударма – бізге өзге нұсқаны ұғынуға, жүрекке жетуіне көмектеседі.

Мультипликациялық фильмдерді аударудың екі негізгі түрі бар:

1. Дубляжды аударма – фильмде ойнаушы кейіпкерлердің сөзін өзге тілде сол кейіпкерлерге тән артикуляциялық тұтас кешендерге (сөздің созылымы, акустика әуенін сақтау) бағындыра отырып қайта айтып шығу. Бұл қазіргі кезде киноөнер саласында негізгі әрі кеңінен таралған аударма түрі болып табылады. Дубляж аудармасы үшін сөйлеу мүшелерінің сыртқы артикуляциясы маңызды болып табылады. Өйткені сөйлеу мүшелерінің ішіндегі көзге түсетін түрі осы жақ қозғалысы мен ерін қалпы болып табылады. Көз түйсінім (зрительное восприятие) мен үн түйсінім (слуховое восприятие) бір-бірімен үйлесіп шыққанда ғана экрандағы көрініс жатық және табиғи шығатын болады. Бұл – дубляж аудармасына қойылатын басты талап.

2. Субтитр арқылы жасалған аударма – фильмдерді немесе видеоларды мәтіндік жолдармен қамтасыз ететін қосымша ұғым болып табылады. Ең алғашқы субтитр қолданған фильмдер есту қабілеті зақымданған қауым үшін шығарылған болатын. Субтитрда тек қана кейіпкерлердің тілдесуі ғана емес, сонымен қатар кейбір жағдайларда қосымша комментарийлар да жазылып жатады. Мәселен белгілі бір ұғым түпнұсқа тілдегі мәдениетке, әдет-ғұрыпқа байланысты болып, ал аударылған тілге бейтаныс әрі түсініксіз болған жағдайда, сол сөздің толық анықтамасы субтитр арқылы беріледі. Келесі бір жайт, ол

кинофильмде субтитр арасында көріністе болып жатқан дыбыстарды жақша ішіне алып жазылу ережесі. Есту қабілеті жоқ адамдар фильмді көру барысында кейіпкерлер диалогынан бөлек болып жатқан шу әсерлерін де біліп отыруы тиіс [2, 25].

Қазіргі заманда БАҚ-та басым салмаққа ие болып отырған аударманы тілдік тұрғыдан зерттеу оның қоғамдық-әлеуметтік қызметіне сәйкес өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Соның ішінде көрсетілімдердің тең жартысына ие фильмдердің теледидардағы аударма пайызы мен сапасы толығымен көрермендердің көңілінен шығу-шықпау мәселесі. Аударма мәдениетаралық тілдік коммуникацияның әмбебап түрі ретінде күнделікті қарапайым ақпаратқа деген сұраныс пен қатар қоғамның рухани қажеттілігін де толықтыруы тиіс. Экран мен сахнаға арналған аударма ауызша сөйлеу элементтері мен жазбаша мәтіннен (сценарий, рөл мәтіні) құралғандықтан, аудармашыдан функционалдық қайта кодқа салу аясында ғана болатын көптеген параметрлерін ескеруді талап етеді [3, 78]. Сондықтан да жазбаша және ауызша бірліктері мен бейвербалды амалдардың бір мезгілде қатар көрініс беруі аудармашының әрекеті мен нәтижесіне өз әсерін тигізбей қоймайды. Сонымен бірге жазбаша тілдегі аударма оқырманға арналса, кино мәтінінің аудармалары көрерменнің, анығырақ айтқанда күрделі аудиторияның психологиясын негізге алады.

Анимациялық фильмді дубляждау кезінде аудармашылардың басты міндеті: фильмнің негізгі идеясын сақтай отырып, мәтінді көрермендердің тіліне адаптациялау болса, ал фильмді дыбыстаушы мамандардың негізгі мақсаты: түпнұсқа кейіпкерлерінің фильмдегі рөлін түсініп, олардың әрбір айтылған сөзіне жан бітіріп, рөлге толығымен кіру [4, 17]. Қазақстанға шетел мультфильмдері үлкен көлемде үнемі енгізіліп тұрады. Бұл фильм желісінің қайта жазылуымен тең. Бұрын шетелдік фильмдер қазақ тіліне тек субтитр көмегімен аударылған болса, қазіргі таңда кинотуындылардың барлығына дерлік толықтай дубляж жасалады. Қазақ тіліне анимациялық фильмді аудару кезінде қандай тәсілдерді қолдану және адаптация жасау қажеттілігі бар ма жоқ па деген мәселелерге қатысты елімізде сан алуан пікірлер қалыптасып жатыр.

Соңғы жылдары елімізде шетелдік мультипликациялық фильмдерінің қазақша нұскасын тек экран беттерінен емес, сонымен қатар кез келген кинотеатрларда прокат айналымына беріліп жатқандығына куәміз. Соның ішінде әйгілі «Малефисента» көркем анимациялық фильмі, «Көліктер», «Монстрлар университеті», «Батыл жүрек», «Күлбикеш» секілді «Disney» және «Pixar» атты анимациялық жанрда түсіретін атақты киностудиялары түсірген мультфильмдері балалар да, ересектер көрермендердің назарын жаулап алды. Осындай аудармалардың санын арттыруға үлкен үлес қосып жатқан «Болашақ» ассоциациясы мен «Magwin» компаниясы. Бұл бұрын-соңды болмаған отандық киноөндірістегі ерекше оқиға. Мысалы, «Көліктер- 2» мультфильмін қазақ тілінде тамашалауға 25 мыңға тарта көрермен келген. Ол осы туындыны көрген барлық көрермендердің 30 пайызынан асады. Мультфильмді қазақ тілінде тамашалаған көрермендер аударма сапасын талқыға салып, кейбіреулері ана тілімізде көргендей-ақ болдық, жақсы дубляждалған десе, ал бірі аударма мүлдем қанағаттанбай, тым көркем әрі жасанды деседі.

«Көліктер-2» мультипликациялық фильмі әлем бойынша балалар мен жасөспірімдер арасында үлкен беделге ие, әлбетте қазақстандық балалар да бұл мультфильмнің әрбір бөлімін асыға күтеді. Аударылған анимациялық фильмдердің ішіндегі көрермендер саны мен жүктеу саны дәл осы мультфильм екендігі анықталды. Ал енді оның аудармасының жақсы және сәтсіз тұстарын талқылап өтейік.

Аударманың жақсы жақтары:

– басты кейіпкерлердің бірі Мэтрді дыбыстаған актер Азамат Қанапияевтің өз кейіпкерімен тіпті етене болып кеткені күмәнсіз. Мэтрдің даусымен оның «с» әрпін ысылдап айтатыны өте қызық. Ең бастысы, орашалақ, құлаққа тосын естілетін ештеңе жоқ. «Пиксар» компаниясы фильмді бірден қазақ тілінде жасағандай әсер береді;

– Мэтр асыға жөнелетін кадрында түпнұсқада: «Free? Well, shoot, what am I doing here?» деген сөйлемді қазақшаға: «Қасқа-а! Онда мен неғып тұрмын?!» деп қазақ менталитетіне сай «қасқа» деген сөзді интонациясымен созып, жақсы бейімдеп аударған;

– «Wowee» секілді таңырқау сөздерді «Ойбо-ой» деп эмоционалды көңіл-күйдің қазақы леппен дәл береді;

– Италиялық жүйрік көлік Франческоның аузынан шығатын қазақша сөздердің итальян тілімен сәтті үндестірілуі. Мысалы, «қалай дәтің барадо?», «байқап көрсеңши» деп итальян тіліндегі о, е, и әріптерінің сөз соңында келетін ерекшелігі дұрыс пайдаланылған, яғни түпнұсқада қандай акцентпен сөйлесе, қазақ тіліне де солай акцентпен аударылған.

Ал енді аударманың сәтсіз әрі көрермендердің көңілінен шықпаған тұстары:

– «Сцепление» сияқты кейбір орысша сөздердің баламасы дәл табылмай, сол күйінде айтылған;

– «Қойыңызшы», «қоя салыңызшы» дегенге келетін сөз бір тұстарында «тастанызшы» деп алынған. Бұл орыс тіліндегі «бросьте» деген сөздің тікелей аудармасы екені белгілі;

– Кей тұстарында қазақ тілінің әдеби нормасы бұзылған. «Кетесіндер ма не?» (дұрысы – «кетесіндер ме, немене?»), «дейсің ба?» («дейсің бе?» болуы тиіс).

Жалпы, қазіргі таңда тек мультипликациялық фильмдерді аударуда ғана емес, кез келген кинофильмді отандық тілге аударғанда негізгі кездесетін мәселе және көрермен аудиторияның көңілі толмай, қанағаттанбау себептері:

1. аударма тікелей түпнұсқа тілінен емес, орыс тіліне жасалған аударма нұсқасынан жасалады да кейбір түпнұсқадағы маңызды элементтер қалып қойып, немесе орыс мәдениетіне сай етіліп аударылып кетеді;

2. кейбір сөздер аударма барысында тым ескі (архаикалық) әрі жасөспірімдер аудиториясына бейтаныс сөздермен аударылады;

3. аударма барысында қазақ тілінің әдеби нормасы бұзылып, кейбір сөздер тек белгілі бір аймаққа тән диалект сөздермен беріледі.

Осы аталған мәселелер қатарын қарастырып, шетелдік анимациялық фильмдерді аудару барысында ескеріп отыру керек. Аударманы дайын орыс нұсқасынан емес, тікелей ағылшын тілінен жасаған аударма сапасын айтарлықтай жоғарылатады. Және де мультфильмдер негізінен кішкентай балалар аудиториясына арналғандықтан, көнерген сөздер мүлдем болмауы керек, аударма тілі жеңіл, қарапайым әрі ұғынықты болуы тиіс. Мультипликациялық фильмдер – тәрбие құралы. Сондықтан кез келген мультфильм ана тілімізде сөйлеп, баланы ерте жасынан бастап-ақ қазақ тілін үйренуге баулуы өте маңызды фактор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбусейітова М. Аударма. Фильм сыры.
2. Нұрмышева Ш.А. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты – 2010.
3. Алдашева А. Аударматану / Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1999. – 213 б.
4. Режиссерская энциклопедия / Кино США. – М.: Материк, 2002

УДК 811.512.122:81'25

МЕДИА-МӘТІН ТІЛІНІҢ АУДАРМАСЫ МЕН ПРАГМАТИКАСЫ

Тельман Айгерим Аманжолқызы

aigerim.telman@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., доцент Қоңыратбаева Ж.М.

Медиа-мәтін анықтамасы

Медиа-мәтін – медиа өндірістің нақты нәтижесі – кез-келген медиа жанрындағы ақпараттық хабарландыру (газет мақаласы, теле-бағдарлама, видео, фильм, т.б.).